

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2020 жылғы 15  
желтоқсандағы  
№ ҚР ДСМ-264/2020  
бұйрығына 1 қосымша

**Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары, көлемі мен мерзімділігі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары, көлемі мен мерзімділігі (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 86-бабының 11-тармағына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулердің жүргізу тәртібін, көлемі және мерзімділігін айқындайды.

2. Осы бұйрықта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) динамикалық бақылау - пациенттің денсаулығының жай-күйін жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқаудың нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

2) медициналық ақпараттық жүйе - денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

3) Кетле индексі – ағзаның дене дамуының үйлесімділігін бағалау көрсеткіші, дененің салмағының бойдың ұзындығына қатынасы;

3. Профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді кейінгі динамикалық бақылаумен және сауықтырумен медициналық-санитариялық-алғашқы көмек көрсететін (бұдан әрі – МСАК ұйымдары) денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады:

1) қала халқы үшін – меншік нысанына қарамастан МСАК ұйымдары;

2) ауыл халқы үшін – меншік нысанына қарамастан медициналық пункттер, фельдшерлік-акушериялық пункттер, дәрігерлік амбулаториялар, арнайы автокөлік пен темір жол көлігі базасындағы жылжымалы медициналық кешендерді (пойыз) пайдаланумен аудандық емханалар.

4. МСАК ұйымдары:

1) медициналық ұйымға тіркелген халық санынан профилактикалық медициналық қарап-тексерулерге жататын, он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына қалыптастырады;

2) осы қарап-тексерулерді жүргізу үшін бейінді медициналық ұйымдармен сабақтастықты қамтамасыз етеді;

3) халықты профилактикалық медициналық қарап-тексерулерден өту қажеттілігі туралы ақпараттандырады;

4) МАЖ-ға мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарының профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткені туралы деректерді енгізеді;

5) өткізілетін профилактикалық медициналық қарап-тексерулерге ай сайын талдау жүргізеді және есептік кезеңнің айдың 5-не дейін денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ақпаратты ұсынады.

5. Осы профилактикалық қарап-тексерулер өткізілетін ауруларының бейіні бойынша динамикалық бақылауда тұрған адамдар профилактикалық медициналық қарап-тексерулерге жатпайды.

6. МСАК ұйымының орта медициналық персоналы немесе МСАК ұйымының жауапты адамы жүргізілген профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша профилактикалық қарап-тексеруден өткен және толық қарап-тексеруге жіберілген нысаналы топтағы пациенттердің зерттеп-қарауға шақырылғандардың тізімін салыстырады. Жолдама МАЖ-ға енгізіледі және ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы беріледі.

**2-тарау. Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі**

7. Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының

білім алушыларын қоса алғанда он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған білім алушыларын профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді аумақтық МСАК ұйымдарының мамандары білім беру ұйымдарының аумағына шыға отырып жүргізеді.

8. Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектепке дейінгі жастағы балаларды профилактикалық медициналық қарап-тексерулер бекітілген жері бойынша МСАК ұйымдарында жүргізіледі.

9. Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу дайындық сатысын, профилактикалық медициналық қарап-тексеруді және қорытынды сатыны қамтиды.

10. Дайындық сатысы мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына қалыптастыру және ақпараттық сүйемелдеуден тұрады. Дайындық сатысын МСАК ұйымының: медициналық пункттің, фельдшерлік-акушериялық пункттің, дәрігерлік амбулаторияның, аудандық, қалалық емхананың, орта медицина қызметкері, білім беру ұйымдарының (болған жағдайда), оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарының орта медицина қызметі жүзеге асырады және мыналарды қамтиды:

есепті жылдың алдындағы қыркүйек айына дейін кешіктермей алда тұрған профилактикалық медициналық қарап-тексеруге жататын нысаналы топтың жыл сайынғы тізімін, ары қарай ай сайын түзетумен қалыптастыру және құру;

нысаналы топтағы балалардың заңды өкілдерін профилактикалық медициналық қарап-тексерулерден өтудің қажеттілігі және шарттары туралы хабардар ету;

мектепке дейінгі (мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалар), мектеп жасындағы балаларды, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының және жоғары оқу орындарының он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған білім алушыларын профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткізу үшін білім беру ұйымдарының (бар болса), оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың аумағына МСАК аумақтық ұйымы мамандарының шығу кестесін жасау.

11. Профилактикалық медициналық қарап-тексеру мамандардың қарап-тексеруін және профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өткені туралы деректерді МАЖ-ға толтыруды көздейді.

12. Профилактикалық медициналық қарап-тексеру дәрігерге дейінгі, білікті және мамандандырылған кезеңдерді қамтиды.

Дәрігерге дейінгі кезеңді медициналық пункттің, фельдшерлік-акушерлік пункттің, дәрігерлік амбулаторияның, аудандық, қалалық емхананың, білім беру ұйымының (болған жағдайда), мектепке дейінгі ұйымдардың орта медицина персоналы жүргізеді және мыналарды қамтиды:

1) дене массасының индексын есептеу арқылы бойы мен дене салмағын анықтау;

2) ерте шақтағы балалардың (3 жасқа дейінгі) басы және кеудесінің көлемін өлшеу;

3) жеке және психоэмоционалдық дамуды бағалау;

4) артериялық қысымды өлшеу (7 және одан үлкен жастағы балалардың);

5) плантография жүргізу және оны бағалау (5 және одан үлкен жастағы балалардың);

6) көру өткірлігін анықтау;

7) есту жітілігін анықтау. Тыныш үй-жайда орта медицина қызметкері мен баланың арасы кемінде 5 метр болатындай қашықтықта 3 және одан үлкен жастағы балалардың екі құлағына кезек-кезек сыбырлап сөйлеу арқылы зерттеу;

8) жүрек-қантaмыр жүйесі тарапынан патологияларды болдырмау мақсатында 14 және 17 жастағы балаларды қоса алғанда электрокардиографиялық зерттеу жүргізу (12 бұрылу).

13. Білікті сатыны педиатр, терапевт дәрігер (15-17 жас аралығындағы балаларды қоса алғанда) немесе ЖПД жүргізеді және дәрігерге дейінгі зерттеп-қараудың деректерін есепке ала отырып, баланың денсаулық жағдайын, психофизикалық, жыныстық дамуын бағалауды, қатал қарау белгілерін анықтауды қамтиды. Осы саты барысында мыналар жүргізіледі:

1) жалпы қарау;

2) тері жабындарын және бастың шашты бөлігін қарап-тексеру;

3) көзге көрінетін сілемейлі қабықтарды қарап-тексеру: көз, ауыз қуысы, мұрын конъюнктивиттерін қарап-тексеру. Тістің, тістүйіс жағдайына, қатты таңдай жағдайының биіктігіне, таңдай бадамшаларының көлемі мен түрлеріне, дыбыс функциясына (дауыстың дыбысталуын) көңіл аудару;

4) қалқанша бездерінің аумағын саусақпен қарап-тексеру.

5) кеуде қуысын, омыртқа жотасын, аяқ-қолды қарау,

6) перифериялық: жақасты, шап, қолтықасты лимфа түйіндерді саусақпен қарап-тексеру;

7) қанайналым ағзаларын зерттеу (жүректі қарап-тексеру, аускультация), пульстің жиілігін, толуын, ырғағын анықтау. Аускультация кезінде дыбыстың дауыстылығы мен жиілігі анықталады. Жүрек шуылы анықталған жағдайда әртүрлі қалыпта (тұру, жату) зерттеулер және мөлшерленген дене жүктемесімен функциялық сынамалар жүргізіледі;

8) тыныс алу ағзаларын зерттеу (өкпе аускультациясы, тыныс жиілігін анықтау);

9) асқорыту ағзаларын зерттеу (ішперде қуысы ағзаларын, оң қабырға асты аумағын, бауырды, эпигастралдық аумақты, көкбауырды, оң және сол мықын аумағын, қасаға үстілік аумақты саусақпен қарап-тексеру). Сілемейдің жағдайына, тілдің, иектің, үстіңгі таңдайдың, тістердің өңезденуіне көңіл аударылады. Созылмалы уыттану симптомдары анықталады (тері жабындарының бозғылттануы, орбиталдық көлеңкелер);

10) үш-төрт айлық аралығындағы балаларға көрсетілімдер бойынша сан-жамбас буындарының дисплазиясын және жамбастың туа болған шығуын ерте анықтау мақсатында сан-жамбас буындарын ультрадыбыстық зерттеу жүргізіледі;

11) жыныс ағзаларын қарап-тексеру. 10 жастан асқан қыздарды қарап-тексеру кезінде гинекологиялық анамнезге, шағымдарына, етеккір функциясының бұзылуына аса көңіл аударылады. 12 жастан жоғары балаларды қарап-тексеруде түк басу түріне қарайды (ер немесе әйелі типі бойынша);

12) туғаннан 17 жасты қоса алғанда даму тобы нұсқасын анықтай отырып, нервтік-психикалық дамуы (бұдан әрі – НПД): 1 - НПД қалыпты деңгейі; 2 - НПД-ғы сәл ауытқулар; 3 - НПП айқын ауытқулар.

4-6 жастағы балаларда ойлау және сөйлеу, қимылдық даму, назар мен ес, әлеуметтік байланыстар бағаланады;

7-8 жастағы балаларда психоқимылдық сала мен мінез-құлық, интеллектуалдық даму, эмоциялық-вегетативтік сала;

9-10 жастағы балаларда абстрактілік-логикалық операциялардың қалыптасуын, логикалық ойлаулары қосымша бағаланады;

11-17 жастағы балаларда эмоциялық-вегетативтік сала, соматикалық-вегетативтік құбылыстар, вегетативтік-диэнцефалиялық құбылыстар анықталады;

13) пубертограммалар әдісімен жыныстық дамуын бағалау, қорытынды (норма, озу, қалып қою) беріледі;

14) жарақаттар мен оның салдарын анықтау арқылы озбырлық белгілерін, ұру белгілерін (таяқпен немесе шыбықпен ұрғаннан кейінгі сызық қанталаулар, белбеумен, жіппен, ұрғаннан кейін ілгек түріндегі қанталаулар, жіппен немесе белбеумен байлау, тарту іздері, темекімен күйдіру іздері, көз торшасына қан құйылу, субдуралдық қан ұюлар).

14. Патологиялық өзгерістер анықталған кезде бейінді маманға қосымша қарап-тексеруге жібереді.

15. Мамандандырылған кезең бейінді мамандықтағы дәрігерлермен жүргізіледі және МАЖ-да нәтижелерді толтыра отырып қарап-тексеруді қамтиды:

1) хирург немесе травматолог-ортопед немесе травматолог ерте шақтағы балаларда кіндік, шап сақиналарының кеңеюіне, ішінің ақ сызығының бұлтиған жарығына, крипторхизмге, тік ішектің түсуіне, аяқ-қолының, кеудесінің қисаюына назар аударады. Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың омыртқаларының қисаюын, отырысының, ірі және ұсақ буындары функцияларының бұзылуын анықтайды. Табан күмбезінің жағдайын қарап-тексеруді, плантограмманы бағалауды, жүрісін бағалауды жүргізеді. Ұлдардың аталық бездерінің төмен түсуін анықтайды;

2) уролог немесе хирург несепжыныс жүйесінің патологиясының жоқ екендігін анықтайды;

3) отоларинголог мұрынның алдыңғы риноскопиясын жүргізеді және тыныс алу функциясын тексереді, артқы риноскопиясын, фарингоскопиясын, мойын (жақасты, алдыңғы және артқы мойын, құлақарты) түйіндерін саусақпен қарап-тексеруді, отоскопияны, естуді зерттеуді жүргізеді;

4) невролог жалпы қарап-тексеру жүргізеді (дермографиялық сипаттарының, буын суреттерінің және басқалардың болуын анықтау), бассүйек-ми нервтерінің, қимыл-қозғалыс функцияларының жағдайын; сіңірлік, периосттық, тері рефлексдерін зерттеу; вегетативтік реттеуді бағалау. 14 және 17 жастағы балаларды қоса алғанда орталық нерв жүйесі тарапынан патологияларды болдырмау үшін қосымша электроэнцефалографиялық зерттеуден өтеді;

5) стоматолог тістүйіс, пародонт жағдайын, гигиена, РМА (қызылиектің қабыну үрдісін бағалауға папиллярлық маргинальды альвеолярлық индекс), КПУ (бір баладағы кариозды пломбаланған және жұлынған тістердің саны) индекстерін, тісжегінің белсенділік дәрежесін, диспансерлеу, оңалту және профилактика жоспарын бағалай отырып, баланы кешенді қарап-тексеруді жүргізеді, диспансеризация жоспарын құрады;

6) офтальмолог көру өткірлігін анықтайды, көру органына сырттай қарап-тексеру жүргізеді; бүйірінен жарық түсіре отырып және жүргізу жарығында қарап-тексеру, офтальмоскопия жүргізу. 14 және 17 жастағы балалар қосымша көз қысымын өлшеуден өтеді;

7) эндокринолог гинекомастияның, жыныстық дамудың кідіруі мен уақытынан бұрын дамуының, бойының кідіруінің, семіруінің, қалқанша безі ұлғаюының, қант диабетінің, крипторхизманың жоқ екендігін анықтау үшін қарап-тексеру жүргізеді.

16. Профилактикалық медициналық қарап-тексеру аяқталғаннан кейін бейінді мамандардың қорытындысы мен зертханалық-диагностикалық зерттеулерді ескере отырып, педиатр дәрігер, терапевт дәрігер немесе ЖПД мынадай «денсаулық тобын» айқындай отырып, балалардың денсаулық жағдайына кешендік бағалау жүргізеді (15 жастан 17 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда):

1-топ – дені сау балалар;

2-топ – дені сау, бірақ функциялық ауытқулары бар, сондай-ақ жіті және созылмалы ауруларға қарсы тұру қабілеті төмен, қауіп факторы бар балалар;

3-топ – организмнің функциялық мүмкіндіктері сақталған, компенсация жағдайындағы созылмалы аурумен ауыратын балалар;

4-топ - организмнің функциялық мүмкіндіктері төмен, субкомпенсация жағдайындағы созылмалы аурумен ауыратын балалар;

5-топ - организмнің функциялық мүмкіндіктері айтарлықтай төмендеген, декомпенсация жағдайындағы созылмалы аурумен ауыратын балалар.

17. 3, 4, 5 денсаулық топтарына жататын балалар МСАК ұйымының мамандарының немесе тиісті бейін мамандарының динамикалық бақылауы мен сауықтыруына жатады.

18. Педиатр дәрігері, терапевт немесе ЖПД профилактикалық медициналық қарап-тексеру аяқтағаннан кейін денсаулықты кешенді бағалау жүргізіледі, денсаулық тобын көрсете отырып физикалық және нервтік-психикалық дамуын бағалаумен эпикриз бен қорытындыны ресімдейді. Қорытындыда толық қарап-тексеру, бақылау, санитариялық-гигиеналық ережелерді сақтау, режим, дене тәрбиесі және шынықтыру, профилактикалық екпелерді жүргізу, шекті жағдай мен аурулар профилактикасы, дене шынықтыру тобы (негізгі және арнайы топ) бойынша ұсынымдар беріледі, сонымен қатар, 15 жастан бастап ер балаларға – военкомат үшін қорытынды мен ұсынымдар.

19. Қорытынды сатыда МСАК ұйымының дәрігері немесе МСАК ұйымының жауапты адамы МАЖ-ға профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелерін енгізеді.

20. Балаларды профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері олардың заңды өкілдерінің назарына танысу туралы қол қоюмен жеткізіледі.

**3-тарау. Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізудің көлемі мен мерзімділігі**

21. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (бұдан әрі – ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) шеңбері бойынша бөле отырып, профилактикалық медициналық қарап-тексеруге жататын мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса

алғанда, халықтың нысаналы топтары үшін зерттеулер көлемі жүргізіледі, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес осы қызметтің түріне лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектілер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүргізеді.

22. Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексеруді жүргізу мерзімділігіне сәйкес жүргізіледі.



Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары, көлемі мен мерзімділігіне  
1-қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде медициналық қызметтерді бөле отырып, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына арналған зерттеулер көлемі**

№	Профилактикалық медициналық тексерулердің көлемі	Нысаналы топ	Көрсетілетін қызметтер пакеттерінің атауы
1	2	3	4
1	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 1 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Эндокринолог		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
2	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 2 ай жастағы	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК

	Қабылдау: Педиатр	шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
3	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 3 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Аяқ-қол бір буынын ультрадыбыстық зерттеу (көрсетілімдер бойынша)		МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
4	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 4 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
5	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 5 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
6	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 6 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
7	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 7 ай жастағы шала туған	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК

	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)	балалар	ТМККК
8	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 8 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
9	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 9 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
10	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 10 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
11	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 11 ай жастағы шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
12	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г. кем 12 айлық шала туған балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Эндокринолог		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
13	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 1 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС

	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
14	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 2 ай жастағы балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
15	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 3 ай жастағы балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
	Аяқ-қол бір буынын ультрадыбыстық зерттеу (көрсетілімдер бойынша)		МӘМС
16	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 4 ай жастағы балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
17	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 5 ай жастағы балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
18	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 6 ай жастағы балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
19	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 7 ай	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ

	Қабылдау: Педиатр	жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
20	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 8 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
21	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 9 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
22	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 10 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
23	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 11 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
24	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	туған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын 12 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
25	Консультация: Хирург	1 жастан 2 жасқа дейінгі балалар	МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
26	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	1 жас 3 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК

	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
27	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	1 жас 6 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
28	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	1 жас 9 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
29	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	2 жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
30	Консультация: Оториноларинголог	2-ден 3 жасқа дейінгі балалар	МӘМС
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
31	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	2 жас 3 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
32	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	2 жас 6 ай жастағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
33	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	2 жас 9 айдағы балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК

	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
34	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	3-тен 4 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
35	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	4-тен 5 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
36	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер	5-тен 6 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
37	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	6-дан 7 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ

	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
38	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	7-ден 8 жасқа дейінгі балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
39	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	8-ден 9 жасқа дейінгі балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
40	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	9-дан 10 жасқа дейінгі балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК



	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
41	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	10-нан 11 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Эндокринолог		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
42	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	11-ден 12 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
43	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	12-ден 13 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Фельдшер		ТМҚҚҚ
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Эндокринолог		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМҚҚҚ
44	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	13-тен 14 жасқа дейінгі балалар	ТМҚҚҚ
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМҚҚҚ

	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
45	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	14-тен 15 жасқа дейінгі балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Электрокардиографиялық зерттеу жүргізу (12 бұрылу)		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Электроэнцефалография		МӘМС
46	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	15-тен 16 жасқа дейінгі балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Эндокринолог		МӘМС
	Консультация: Уролог		МӘМС
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Терапевт		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
47	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	16-тен 17 жасқа	ТМККК

	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер	дейінгі балалар	ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Уролог		МӘМС
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
	Қабылдау: Терапевт		ТМККК
48	Қабылдау: Орта білімі бар мейіргер	17-ден 18 жасқа дейінгі балалар	ТМККК
	Қабылдау: Жоғары білімі бар мейіргер		ТМККК
	Қабылдау: Фельдшер		ТМККК
	Электрокардиографиялық зерттеу жүргізу (12 бұрылу)		МӘМС
	Консультация: Хирург		МӘМС
	Консультация: Оториноларинголог		МӘМС
	Консультация: Невропатолог		МӘМС
	Электроэнцефалография		МӘМС
	Консультация: Офтальмолог		МӘМС
	Консультация: Эндокринолог		МӘМС
	Консультация: Уролог		МӘМС
	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жалпы орта білім беру ұйымдарында оқитын балалардың ауыз қуысын профилактикалық тексеру		МӘМС
	Қабылдау: Педиатр		ТМККК
	Қабылдау: Отбасылық дәрігер (Жалпы практика дәрігері)		ТМККК
	Қабылдауы: Терапевт		ТМККК

Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары, көлемі мен мерзімділігіне  
2-қосымша

**Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулердің мерзімділігі және аяқталу мерзімі**

<b>№</b>	<b>Нысаналы топтың атауы</b>	<b>Мерзімділігі</b>	<b>Қарап-тексеруді аяқтау мерзімі</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
1	Дене салмағы 1500 г. кем, 1 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
2	Дене салмағы 1500 г. кем, 2 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
3	Дене салмағы 1500 г. кем, 3 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
4	Дене салмағы 1500 г. кем, 4 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
5	Дене салмағы 1500 г. кем, 5 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
6	Дене салмағы 1500 г. кем, 6 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
7	Дене салмағы 1500 г. кем, 7 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
8	Дене салмағы 1500 г. кем, 8 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай

	туған балалар		
9	Дене салмағы 1500 г. кем, 9 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
10	Дене салмағы 1500 г. кем, 10 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
11	Дене салмағы 1500 г. кем, 11 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
12	Дене салмағы 1500 г. кем, 12 ай жастағы шала туған балалар	айына 1 рет	1 ай
13	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 1 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
14	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 2 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
15	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 3 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
16	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 4 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
17	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 5 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
18	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 6 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
19	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 7 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
20	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 8 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
21	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 9 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
22	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 10 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
23	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 11 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай
24	туылған кезде дене салмағы 1500 г-нан асатын, 12 ай жастағы балалар	айына 1 рет	1 ай

25	1-ден 2 жасқа дейінгі балалар бейінді мамандар	жылына 1 рет	6 ай
26	1-ден 3 жасқа дейінгі балалар бейінді мамандар	тоқсанға 1 рет	3 ай
27	1-ден 6 жасқа дейінгі балалар бейінді мамандар	тоқсанға 1 рет	3 ай
28	1-ден 9 жасқа дейінгі балалар бейінді мамандар	тоқсанға 1 рет	3 ай
29	2 жастағы балалар	тоқсанға 1 рет	3 ай
30	2 жастан 3 жасқа дейінгі балалар бейінді мамандар	жылына 1 рет	6 ай
31	2 жас 3 ай жастағы балалар	тоқсанға 1 рет	3 ай
32	2 жас 6 ай жастағы балалар	тоқсанға 1 рет	3 ай
33	2 жас 9 ай жастағы балалар	тоқсанға 1 рет	3 ай
34	3 жас 4 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
35	4 жас 5 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
36	5 жас 6 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
37	6 жас 7 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
38	7 жас 8 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
39	8 жас 9 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
40	9 жас 10 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
41	10 жас 11 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
42	11 жас 12 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
43	12 жас 13 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
44	13 жас 14 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
45	14 жас 15 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
46	15 жас 16 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
47	16 жас 17 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай
48	17 жас 18 ай жастағы балалар	жылына 1 рет	6 ай

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 21820 болып енгізілді  
ИС «ИПГО». Копия электронного документа. Дата 25.12.2020.

Нормативтік құқықтық акті 20.12.2020  
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік  
тіркеудің тізіліміне № 21820 болып енгізілді

Результаты согласования

Министерство здравоохранения Республики Казахстан - Директор Департамента Еркинбек Рахимбаевич Амиргалиев, 09.11.2020 10:30:56, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство образования и науки РК - Министр Асхат Канатович Аймагамбетов, 28.11.2020 13:47:33, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр Наталья Виссарионовна Пан, 11.12.2020 19:11:21, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі А. Цой, 15.12.2020 10:19:03, положительный результат проверки ЭЦП